


Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесі қарсаңында 100 қызылордалық отбасы баспаналы болды. Қоныстанушыларға пәтер кілтін облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова табыстап, тұрғындарға құттықтау лебізін білдірді.

100 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Өткен жылдың маусым айында басталған сол жағалаудағы тұрғын үй құрылысын «Дәнекер» ЖШС мен «Авангард» ЖШС сәтті аяқтаған. Баспаналы болған тұрғындар арасында әскери, полиция, мұғалімдер, дәрігерлер және мәдениет саласы қызметкерлері бар. Шара барысында облыс басшысы биыл атқарылған біршама жобаларды атап, алдағы уақытта игі істің жалғасатынын жеткізді.

2 БЕТТЕ



Көлікке «киім» тігетін отбасы



Қазіргі таңда сүйікті ісін кәсіпке айналдырып, одан пайда тауып отырғандар аз емес. Бұл халықтың еңбекке араласу ынтасының жоғары екенін анық аңғартады. Бүгінде кәсіп ашамын дегенге мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау да аз емес. Сан мәрте сараланған тиімді бизнес жобаға мемлекет несие немесе грант бөлуге дайын. Мемлекет қамқорлығын тиімді пайдаланғанның бірі – автокөлікке «киім» тігетін отбасы.

Руслан Темірбеков пен Марал Жүнісова отбасылық кәсібін өткен жылдың күзінде ашқан. Алғашында автокөліктің еденіне төсеніш (автополик) тіккен олар бүгінде «Бастау» жобасын қорғап, 555 600 теңге көлемінде грант ұтып алған. Қаражатқа кәсіпкерлер өндірістік тігін машинасын сатып алып, кәсібін кеңейткен.

4 БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

АРМАНЫ АСҚАҚ НҰРСҰЛТАН

Бала арман деген бар. Кішкентайлар кәлімгідей қиялға ерік береді. Күндердің күнінде сол арманы жүзеге асарына балғын жүрек сенеді.

Елордадай әсем қаланы көрсем екен деген аралдық Нұрсұлтанның да ақ тілегі орындалды. Ол Тұңғыш Президентпен де жүздесті. Әсем шаһарды көріп, тамашалады. Асқақ арманы орындалған күнді кейіпкеріміз әлі ұмытар емес.

2017 жылдың күзінде еліміздің Тұңғыш Президенті Сыр өңіріне іс-сапармен келген сәтінде облыстың шалғай ауданы – Аралдан Нұрсұлтан Жаксыгелдиев есімді бүлдіршін келіп, өзінің бала арманын жеткізген еді. Сол бір мезеттің көрінісі болған сурет әлеуметтік желілерде таралды.

– Құрметті Нұрсұлтан ата! Мен өскенде сіз сияқты Президент немесе космонавт болғым келеді. Өйткені Президенттің өз самолёты бар. Ал мен әжемі, достарымды және көрші балаларды самолетпен қыдыртқым келеді. Әсіресе сіз тұрғызған Астананы көрсем екен деймін. Бәрі сол қаланы мақтайды, – деп елдің алдында Елбасыға арманын жеткізгені белгілі. Жас өрнеңнің арманына құлақ түрген Нұрсұлтан Назарбаев кішкентай аттасының басынан сипап, батасын беріп, ата-анасымен бірге елордаға қыдырып қайтуға шақырған болатын. Нұрсұлтанның бала тілегі қабыл болып, елордаға барды. Жеткіншек жалғыз бармады, өзінің отбасымен бірге саяхаттады. Алғаш рет ұшаққа да мінді.

ӘЖЕСІНІҢ БАЛАСЫ

Бүгінде кішкентай кейіпкеріміз Арал қаласындағы №260 орта мектептің 5-сыныбында озат оқушы. Ұстаздары да қабілетті екенін айтады. Үйінде 3 ағайынды, баланың үлкені. Тағы бір ерекшелігі, адамды еш жатырқамай, ортаға тез үйреніп кетеді. Бізбен де бұрыннан танытындай сөйлесіп кетті. Оның мектепте де, ауыл ішінде де достары көп екенін байқадық. Әжесі Айнагүл Бисенбаева немересінің келешегінен үлкен үміт күтеді.

– Нұрсұлтан деп есімін өзім қойдым. Өте алғыр әрі жан-жақты болып өсіп келеді. Немеремнің барынша білімді болғанын қалаймын. Өйткені қазір – білімділердің заманы. Осы баламның арқасында астанаға да бардық. Бәрі де аяқ астынан болды.



Әсем қаланы көру Нұрсұлтанның арманы еді. Шүкір, ол да орындалды. Болашақта да баламның жолы ашық болатынына әжілік сенімім зор. Себебі жүрегі мейірімге толы, үлкенге қамқор болып ержетуде. Оған қоса қариялардан бата алған баланың алар шыны да биік болары сөзсіз, – дейді әжесі.

БОЛАШАҚ ЕЛБАСЫ

Бала Нұрсұлтанның өзімен де сөйлестік. Періште пейіл жас өрен өзінің жүрек-жарды лебізін білдірді.

– Білесіз бе, астанаға тағы да барғым келіп жүр. Ерекше ұнады. Қазір алысқа шыға алмай отырмыз. Сабақты да онлайн оқудамын. Бірақ еліміз аман болса екен деп тілеп жүрмін, – деді ол. Лайым, бала тілегі қабыл болсын дедік іштей... Әңгіме барысында мектебін, ұстаздарын сағынып жүргендігін жасырмады. Барлық пәнді жақсы көретінін айтты. Ал қолы қалт етсе, сурет салғанды, кітап оқығанды, ән айтқанды ұнатады. Шет тіліне қызығушылығы басым.

– Нұрсұлтан, арманыңды айтшы, – деп сөзге тартқанымызда бала жауабы тамсандырды.

– Негізі арманым көп... Аралым астанадай әсем болса деймін. Елбасыдай үлкен азамат болсам, барлық адамға көмектесем екен. Үлкендер мен балалар ауырмасыншы. Ешкімнің ауырғанын қаламаймын. Сосын үй ала алмай жүргендерге үй әпергім келеді, – деген арманын жеткізді. Әжесі айтқандай, біз де кішкентай кейіпкеріміздің жүрегі кең, үлкенге қамқор екенін байқадық. Осы кезден-ақ оны денсаулық пен баспана мәселесі алаңдатады.

Өзі тым жас болғанымен елдің жана-шыры екені сезіліп тұр. «Үнемі адамдарға жақсылық жасағым келіп тұрады» деген жылы сөзінің өзі бізге ерекше әсер еткендей... Иә, егемен еліміздің осындай жарқын ұланы өсіп келе жатқанына қуанып, еліміздің елеулі, ғұмырлы азаматы болсын деген тілегімізді арнадық.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

Иә, азаматтың арманы асқақ. Арман адамды адастырмайды, алдамайды. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Нұрсұлтан Мықтыбаевтың бала күнгі арманы мықты журналист болу еді. Жас өскін есейіп, ержетті. Ертуғанұлы елдің мұны мен сырын бүкпесіз жазатын кәнігі журналист болып қалыптасты. Сол саласы бойынша сенім үдесінен шығып, соны серпін алды. Ал ендігі арманы қандай?

Жә, сонымен тұңғыш астана атанған аймаққа тұңғыш «Үркер» ұлттық сыйлығын алып келген Нұрсұлтан Ертуғанұлы Мықтыбаев жайлы аз-кем сөз қозғайық.

ҚАЛАМ ШЫҢДАҒАН ТАЛАНТ

БАСПАСӨЗДЕГІ БІРІНШІ ҚАДАМ

Оның қалам ұстауы кездейсоқтық емес. Өйткені өзінің өсіп-өнген ортасы сөз ұстанған қасиетті Қармақшы ауданы болатын. Сондықтан да болар сымдай тартылған сырбаз жігіт жастайынан сөз қууға емес, сөз жазуға тапшынды.

3 БЕТТЕ

1 желтоқсан
сейсенбі

№93 (1694)

2020 жыл

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті қызылордалықтар!
Қалірілі жерлестер!

Баршаңызды мемлекетіміздің мерейлі мерекесінің бірі, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн еліміздің жетістіктерін ұлықтайтын, жас ұрпаққа нағыз елжандылық пен Отансүйгіштіктің үлгісін көрсететін күн. Тағылымды мереке ең алдымен елдікке құрметтің белгісі. 1-желтоқсан тәуелсіз еліміздің қатпарлы тарихында жаңа парақша ашылған күн. Осыдан тура 29 жыл бұрын еліміз шекарасын бекітіп, егемендігін алып, өз тәуелсіздігін жариялап, тұғырына туын көтеріп болашағы үшін тағдырлы шешім қабылдады. Сол жылы алғаш рет жас мемлекеттің Президенті сайланып, халқымыз тарихи таңдау жасап, Ұлт Кеңбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа ел тізгінін ұстатты.

Мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті жаңа тәуелсіз мемлекеттің шаңырағын көтеріп, ел еңсесін тіктеп, қадамын нықтап, болашаққа батыл бастап, тұтас халықтың татулығы мен ауызбіршілігін сақтап, тірлігін түлетті.

Дербес ел атанып, тәуелсіздігін алған отыз жылға жуық уақыт ішінде Қазақстанды жаһандық мәселелерді шешуде ортақ ой айта алатын, әлемдік деңгейде үздік саясаттың үлгісін қалыптастырған, экономикасы қарқынды дамушы ел ретінде барша әлем танып, мойындалы. Тұңғыш Президентіміздің сындарлы, сарабал саясатының арқасында еліміз экономикалық реформаларды сәтті жүзеге асырып, тұрмысы түзелген, халқының әл-ауқаты жақсарған мемлекеттердің қатарына қосылды.

Сондықтан бұл – татулықты ту етіп, экономикалық ынталықты берік сақтап келе жатқан мемлекетіміз үшін маңызды мол, бірлігі жарасқан халқымызды бір мақсатқа жұмылдырар тарихи тағылымы терең мейрам.

Халқымыздың бірлігі мен берекесін ұлықтап, мемлекеттің мерейін асыратын мәртебелі мерекеде баршаныңа зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін. Тәуелсіздігіміз мәңгі болып, халықтың бірлігі мен ынтымағы артып, еліміз тыныш, Елбасымыз аман болғай!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда қаласының әкімін
Нұрлыбек НӨЛБАЕВ



■ 1 ЖЕЛТОҚСАН – ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

«БОЛАШАҚ» ҚАЛАЙ БОЙ КӨТЕРДІ?



Бодандықтан бостандық алып, тәуелсіздікке қолы жеткен елдің жүгін арқалаған ел баласын халқы бүгінде Елбасы атайды. Күрмеуі қиын кезеңде елді бірлікке, татулыққа ұйыстыра білген, сарабал саясаты арқасында қазақ жерін, елін өркениетке бастаған Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың елі үшін еткен еңбегі зор.

Егемендік алған тұста Сыр елінің де ертені қалай болары белгісіз болған еді. Бұл туралы ел аузында жиі айтылады. Десе де Елбасының көрегендігі мен тәуекел етуінің нәтижесінде аймағымыз болашаққа нық қадам басты, өсті, өркендеді. Бүгінде Сыр бойы елімізде экономикалық әлеуеті жағынан алдыңғы қатарда.

Тұңғыш Президентіміз іссапар барысымен облысқа талай мәрте табан тіреді. Аймақ ахуалын көзбен көрді, көңілге тоқыды. Кезекті іссапармен 2016 жылы келген еді. Бұл кезде дарияның сол жақ бетінде жаңа қала бой көтере бастаған. Сол жағалаудың бас жоспарымен танысу барысында ондағы «Болашақ» университеті ғимаратының құрылысы Елбасының назарын аударған екен. Бұл туралы жоба авторы, оқу орнының ғылыми жетекшісі Бакберген Досманбетов былайша еске алды.

— Осыдан 4 жыл бұрын Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы облысқа іссапармен келді. Сол тұстағы аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев сол жағалаудың жобасымен таныстырды. Бір уақытта Қырымбек Елеуұлы мені қол бұлғап шақырды. Қасына барғанда Елбасы менен: «Оқу ғимараты дария маңына жакын салу қауіпті емес пе?» деп сұрады. Мен жалпы құрылыс жобасын егжей-тегжейлі түсіндірдім. Осыдан соң риза болған кейіпте «Білім ордасының ашылуына шақырасың ба?» деді. Әрине, Елбасының өзі «Болашақ» университетінің ашылуына келіп, жастарға батасын берсе керемет емес пе? Дегенмен белгілі себептермен Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлына мерейлі сәттің куәгері болу сәті түспеді, — дейді ол.

Одан бері де біршама уақыт өтті. Бүгінде «Болашақ» университеті сол жағалауға көрік берер әсем ғимаратқа айналған. Қалаға оқу іздеп келген жастардың білім алуына бар жағдай жасалған. Оқу ғимараты маңынан жатақхана, спорт кешені бой көтеріп, айналасы жасыл желекке, алма бағына айналған. Алдағы уақытта 1250 орындық конгресс холл салынып, білім ордасы өркен жаймақ. Бұл да болса Елбасының Сырдың іскер азаматына деген ризашылығы мен ілтипатының жемісі болар.

Айдана СЕЙІЛ

«Сыр – Алаштың анасы» деп айдар таққан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың үздігі Қызылорданың ұранына айналды. Бұл кәсіпкерлігі ұғым қаймағы бұзылмаған қасиетті өлкенің даңқын дәріптеді.

ЕЛБАСЫ ҚОЛДАУЫ ӘРДАЙЫМ СЕЗІЛЕДІ

Тұңғыш астана атанған аймақта ұлт зиялыларының еңбек еткені көңіл құсын көкке шарлатады. Жанымызға жылулық сыйлайды. Ғылым мен білім, мәдениет пен әдебиет осы өңірден өркендегені белгілі. Ендеше Елбасының екшеп айтқан ой орамы негізсіз емес.

Құтты мекеніміз кейінгі жылдары дамудың даңғыл жолына бет бұрды. Шаһар шырайы артып, әрбір сала серпіп алды.

Облысымызға келген әрбір сапарында Елбасы Сыр өңірінің экономикалық-әлеуметтік ахуалының арта түскенін айтып жүр.

Елордағы қарап бой түзеген аймағымызда бұрын иен дала болып жатқан дарияның сол жағалауы игерілуде.

«Көгілдір отын» қызықшылығын да халық сезініп жатыр. Газбен қамтылған алғашқы облыстардың қатарындамыз.

Аймағымызда салынып жатқан шыны зауыты да индустрия саласына тың серпін бермек. Әзірге мұндай зауыт Жапония мен Қытайда ғана бар. Сондықтан бұл өндіріс орны өңір әлеуетіне айқын септігін тигізеді деп күтілуде.

Міне, осындай ауқымды жұмыстардың барлығынан Тұңғыш Президенттің қамқорлығы мен қолдауы сезіліп тұрады.

Жанат ОТЫЗБАЕВА,
№43 мектеп мұғалімі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесуім маған ерекше күш-жігер сыйлады. Мен Қазақстанның әр салада еңбек етіп жүрген үздік қыз-келіншектеріне арналған салтанатты қабылдауында болдым.

ЖҮЗІНЕН ЖЫЛЫЛЫҚ СЕЗІНДІМ

Мерекелік жүздесуде қазақтың ақын қыздарының атынан өлең оқыдым. Жүрекжарды жырымды ықыласпен тыңдаған Елбасы жылы лебізін жеткізіп, шынайы көңілмен батасын берді. «Қазақтың ақын қыздарының жолымен жүріп келесің, өнерің өрге жүзсін, шабытың таси берсін!» деген риясыз тілегі санамда жаңғырып тұр.

Салтанатты қабылдау ресми болса да сол жерде отырған баршамызға әкелік ақыл-кеңесін айтып, байыпты бағыт-бағдар берді.

Отбасының берік болуы тұтас ұлтымыздың іргетасы екенін тілге тиек етіп, «Сіздер әрқайсысыңыз өз салаңызда үздік деп танылған, ел дамуына үлес қосып жүрген талантты, білімді жассыздар. Алайда ер азаматты төрге озыдырып, еңсесін әркез тік ететін



мына өздеріңіз. Қанша мықты болсаңыздар да отағасының алдында иіле салыңыздар, кішіпейіл, мейірімді болыңыздар. Азаматтарыңызға жылы сөз, рия-

сыз мақтан айтып жүрсеңіздер, ер адам да кейде бала секілді, жылы сөз, жылы қабақтарыңыздан қуат алады, алдағы күнге сеніммен ұмтылады. Осыны қашанда есте

ұстаныңдар!» деп әкелік кеңесін білдірді.

Кескінінде кеменгерлік тұнған тұлғаның жанарынан жылылық пен қамқорлықты көріп толқыдым.

Тарихтың төл парақтарында есімі мәңгі айшықталар ұлт көшбасшысының сындарлы саясаты елімізді береке-бірлікке үндеп, отаншылдыққа шақыратыны айқын.

Сол бір келелі кездесуден соң алдыға қойған мақсат-мұратым онтайлы орындалды. Елбасы қуатты Қазақстанды қалыптастырған кеменгер тұлға. Баршаңызды 1 желтоқсан – Тұңғыш Перзидент күнімен құттықтаймын. Елбасы мен егемен еліміз егіз ұғым. Жасай бер, Алаштың арқатұтар ардақты ері! Өркендей бер, Тәуелсіз Қазақстан!

Толқын ҚАБЫЛША,
ақын, Халықаралық
жазушылар одағының,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Қала орталығындағы «Достық» үйінде «Тұңғыш Президент және Тәуелсіз Қазақстан: Тарих. Бүгін. Болашақ» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

«Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылордадан көруге болады»

Конференция «Елбасы және Сыр елі» атты тарихи деректі көрмеден бастау алды.

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаты Наталья Жұмаділдаева, облыстық мәслихат хатшысы Қылышбай Бисенов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Берекет Кәрібаев, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана директоры Нұрлыбек Мыңжас қатысты.

— Ел дамуының даңғыл жолы Елбасы – Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Тарихымызға көз жүгіртсек, ел сенімін арқалаған Елбасының ерен еңбегін көреміз. Тұңғыш президент тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы жолында аянбай еңбек етті. Бәсекеге қабілетті, қуатты Қазақстанды қалыптастырды. Нұрсұлтан Әбішұлы – халықаралық сарапшылар мойындаған ықпалды саясаткер. Отандық және әлем тарихында қайталанбас қолтаңбасын

қалдырды. Сыр еліне жасаған сапарларында өмірімізге оң бағасын беріп, тәуелсіздік жылдарындағы ел дамуын бір ғана Қызылордадан көруге болатынын айтқан болатын. Мұның барлығы – бірлесе атқарған жұмыстың жемісті нәтижесі. ҚР Тұңғыш Президент күні құтты болсын, Елбасы аман, еліміз тыныш болсын, — деді облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет өз құттықтауында. ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты Наталья Жұмаділдаева конференцияда онлайн байланыс арқылы Елбасының Қазақстан халқы

Ассамблеясын қалыптастырудағы жасампаз еңбегін ерекше атады. Жиынға қатысушылар тақырып төңірегінде тұшымды ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірді.

Конференция одан әрі «Елбасы және Қазақстан халқы Ассамблеясы: 25 жыл», «Тұңғыш Президент және Арал аймағы: экологиялық апаттан «Ғасыр жобасына», «Сыр – Алаштың анасы: тарихи-мәдени сабақтастық» тақырыбына арналды.

«Ақмешіт-ақпарат»

— Соңғы жылдары аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналды. Биыл облыста барлық қаржыландыру көздерінен 1946 пәтерді құрайтын 94 тұрғын үйдің құрылысы басталды. Қызылорда қаласында жыл басынан бері 13 тұрғын үй пайдалануға берілді. Тағы бір мақтанышымен айтатын жаңалығымыз, жыл аяғына дейін 34 жалдамалы тұрғын үйдің құрылысы аяқталады. Қазіргі таңда шаһарда 38 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Өңірдің бас шаһарын жаңа нысанмен толықтыруға атсалысып, қаланың сән-салтанатын арттыруға үлес қосып жүрген Сыр құрылысшыларына алғыс айтқым келеді. Пәтер иелерін қуаныштарымен құттықтаймын, — деді аймақ басшысы Гүлшара Наушақызы.

Сырдария өзенінің сол жағалауында бой көтерген көппәтерлі тұрғын үйлер қала аумағын кеңейтіп, тұрғындардың баспаналы болуына мүмкіндік сыйлағаны рас. Қоныстанушылардың да қуанышында шек жоқ. Құрылыс қарқынын бағамдап, игілігін көрген тұрғындар шаһардың жаңа тарихи кезеңге бастау алғанын аңғарады. Жаңа пәтер иесі Бибігүл Өмірзаққызы да арман еткен баспанасының кілтін алғанына дән риза болып, ақжарма тілегін білдірді.

— Бүгін отбасымыз үшін маңызды сәт. Көптен күткен үйге қол жеткізіп, толқыныс үстіндемін. Әсем қаланың жаңа тынысын ашып, сол жағалауды



100 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



өрістетуге көңіл бөлген аймақ басшысына тұрғындар атынан алғыс айтамын, — деді ол бізбен әңгімесінде.

Жалпы шаһарда жыл басынан бері 13 тұрғын үй пайдалануға берілген. Оның ішінде 400 пәтер көпбалалы отбасыларға, 60 пәтер жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға табысталған. Жыл соңына дейін тағы 720 отбасы қоныс тойын тойламақ.

Бүгінде 2 мың 546 пәтерлік 53 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде Сырдария өзенінің сол жағалауында құрылысы жүріп жатқан 1 мың 560 пәтерлік 32 көпқабатты тұрғын үйдің 16-сы пайдалануға берілген. Ал қалған 16 үйдің құрылысы жыл соңына дейін аяқталатын болады. Сондай-ақ келер жылы СПМК-70 тұрғын ауданы бойынша 13 көпқабатты тұрғын үйді елігілігіне беру жоспарланған.

— Сырдария өзенінің сол жағалауындағы тұрғын үйлер «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның кезекте тұрған салымшыларына «Нұрлы жер» және «Шаңырақ» бағдарламалары шеңберінде берілуде. Биыл 1200 қызылордалық баспаналы болды, — деді «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Қызылорда филиалының директоры Әділжан Рахымжанұлы.

Е. БАЛТАБЕКҰЛЫ

Басы 1-бетте

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ СЫР ЕЛІ

Тәуелсіз Қазақстанның еңсе тіктеуі үшін Тұңғыш Президенттің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды. Алашқа ана атанған Сыр өңірі де өзегін елордамен сабақтастырып жатқан аймақ. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Қызылордаға бірнеше рет сапарлап келсе, соның бірін ақпараттандыруға қатысқан болатынбыз. Осы орайда Елбасының 2017 жылғы Сыр еліне сапарын негізге алып, өткенге көз жібергенді жөн көрдік.



ЕЛОРДАМЕН САБАҚТАС ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ӨЗЕГІ

2017 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жұмыс сапарымен Сыр бойына келген болатын. Елбасы сапарын ақпараттандыру мақсатында қолға қалам алған журналистердің қатарында мен де бар едім.

Сырды Алаштың анасына балаған Ұлт көшбасшысы ең әуелі жер кіндігі болған Байқоңыра табан тіреді. Елбасының өз сапарын ғарыш кешенінен бастауы жайдан жай емес. Ғарыш қақпасының ел бірлігінің ерен үлгісі екенін айта кеткен абзал. Мұнда елдің Тұңғыш Президенті Қазақстан мен Ресей арасында қабылданған ынтымақтастық тұжырымдамасының іске асырылу барысын барлап, «Бәйтерек» бірлескен жобасына қатысты атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Өлем көз тіккен ғарыш кешенін өнеркәсіп пен жоғары технологияға бағытталған орталық ретінде дамыту, жаңа зымыран кешенін салу екі ел үшін де ерекше жоба екенін айтты өтті.

Ресеймен жасалған уағдаластықтар аясында кешенді дамытудың стратегиялық бағыттары айқындалды. Арнайы құрылған үкіметаралық комиссия мен үкіметтеріміз тиісті жұмысты үйлестіруде. Нақты шаралар қабылданып жатыр. Бірілескен кәсіпорындар құрып, тікұшақ пен ұшақ жөндейтін және шағын ұшақ құрастыратын ірі тораптық орталық ашу жоспарланып отыр. Осылайша қаланы өнеркәсіп пен жоғары технология орталығы ретінде дамыту көзделіп отыр. Ал «Бәйтерек» жобасына келетін болсақ, оны іске асыруды жеделдету және жаңа зымыранды іске қосу мерзімі 2025 жылдан 2022 жылға дейін ауысты. Біз Ресеймен бірлесіп ғарыштық державаға айналуымыз керек, – деді сол кезде Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы Байқоңырдан кейін Қармақшы ауданындағы «Қорқыт ата» мемориалдық кешеніне келді. Түбі бір түркі әлемінің рухани тәлімгері, ғұлама ойшыл Қорқыт бабамыздың құрметіне қойылған ескерткіш 1980 жылы бой көтерді. Ал 2014 жылы Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей тапсырмасы бойынша мемориалдық кешен қайта жаңғыртылып, оның жанынан қосымша «Қорқыт ата зиярат ету орталығы» салынды. Мәдени кешен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодөлізінің бойында орналасқан. Бұл туристер ағымындық, әсіресе «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі кезінде шетелдік қонақтар қатарының артуына ықпал жасалды.

Елбасы сәулетті кешенді аралап, музейдегі жаңа жәдігерлермен танысқан сәтте облыстың сол кездегі әкімі, бүгінде Қазақстанның мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың мәңгі өмір іздеген ұлы бабамыздың арманы мен Мәңгілік Ел мұратын қолға алған Елбасының жасампаз ісін сабақтастыруы көпшіліктің жүрегін қозғады. Бұл кездесу көпшіліктің еңбегі емес. Ұлы Қорқыт мәңгілік өмірді халқы үшін іздеді, Ұлт көшбасшысы Мәңгілік Елді ұрпақ үшін көздеді. Екі арадағы сабақтастық пен байланыс осында жатыр.

Нұрсұлтан Назарбаев Қызылорда қаласында алдымен Сырдария өзенінің сол жағалауынан бой көтеріп жатқан жаңа қала жобасымен танысты.

Сырдарияның арғы беті мен бергі бетін байланыстыратын жаңа көпірге келген Елбасы осында құрылысшылармен жүздесті. Президент «Мына көпірді жолын кең әрі үлкен етіп, жасық салған екенсіңдер» деді риза кейіппен.

Қырымбек Көшербаев Сырдария өзенінің сол жағалауынан бой көтеретін қала жайлы айтып, жүргізіліп жатқан құрылыстың маңызына тоқталды. Сонымен қатар бұл жерге салынатын ғимараттардың мәкеті арқылы жаңа қаланың болашақ келбеті көрсетілді.

Қызылорданың бас жоспарына сәйкес, сол жағалаудың 1532 гектарын игеру көзделген. Негізгінен сол жағалаудағы аумақ 15 ауданнан құралады. Атап айтқанда, тұрғындарға арналған 11 аудан, 1 индустриалдық аймақ және 3 ірі парк пен бульвар қарастырылып отыр. 2013 жылы облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 1532 гектар аумаққа инженерлік-геологиялық және геодезиялық зерттеу

жұмыстары жүргізілді. 2014 жылы осы аумақтың түбегейлі жоспарлау жобасы әзірленді. Аталған жоба облыс әкімдігінің қаулысымен бекітілді. Сол жағалауды кешенді игерудің алғашқы кезеңі 2017-2024 жылдар аралығына белгіленген. Десе де бұл бағыттағы жұмыстар мерзімінен бұрын басталды. 2016 жылдың мамыр айында Сырдария өзенінің сол жағалауынан 5 қабатты 18 тұрғын үй мен 320 орындық балабақшаның іргетасы қаланды.

Елбасы сол жағалауда атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, құрылысшылармен кездесті.

Құрылысты әртүрлі сәулет тәсілдерін пайдаланып, сапалы әрі көрікті етіп салу керек. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мен Қызылордаға келгенде өңірдің жағдайы қиын еді. Оған қаржы салғанда, басқа жерге көшірген дұрыс па деп те ойладым. Бірақ адамдар «ата-баба мекенін қайда кетеміз?» деді. Біз қолымыздан келгенін бәрін істедік. Қазір көріп тұрғандарыңыздай, халықтың жағдайы жақсы, – деді Елбасы.



Бұл жерде «Сәт-Сервис» ЖШС директоры Роза Иманова сөз сөйлеп, құрылысшылардың атынан ризашылығын білдірді.

Аса құрметті Елбасы, сарабалда саясат ұстанып, еліміздің дамуына жарқын жол ашқаныңыз үшін сізге шексіз ризамыз. Туған елімізді гүлдендіру жолында аянбай еңбектенетінімізді жеткізгіміз келеді – деді ол.

Тұңғыш Президент елорда секілді сол жағалауға құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан құрылысшыларға алғыс айтып, «табысты болындар» деген лебізін білдірді.

Елбасы мұнан кейін Қызылорда қаласының «Титов» қыстағындағы индустриалық аймақта салынып жатқан шыны зауытына ат басын тіреді. Сонан соң Ұлт көшбасшысы Қызылордадағы «Арай» спорттық-сауықтыру кешенінде сыр-бойылық жастармен жүздесті. Кездесуге бокс-тан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев, ауыр атлетикадан Азия ойындарының чемпионы Әсем Садықова, қаратө-додан Әлем чемпионы Мөмдір Жаңбырбай, тағы басқа спортшылар жиналды. Елбасымен кездесуге Мәскеуден Т.Кимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университетінің студенті Наргиз Кашапова да келді. Талапты жас болашақта жерге орналастыру және қаластр маманы бола-мақ. Ол 12 жасынан бастап балалар үйінде тәрбиеленген. Қызылордада 2015 жылы балалар үйі жабылып, «Атамекен» балалар ауылына айналғанда 11-сыныпты аяқтап қалған еді. Сол жылы қаламызға келіп емтихан қабылдаған Ресей университеттерінің сынығына қатысып, бағын сынап көрді. Барлық емтиханнан жақсы нәтиже көрсетіп, Санкт-Петербург, Мәскеу, Қазандағы жоғары оқу орындарының грантына ие болды. Өйткенмен, Наргиздің таңдауы Мәскеуге түсті.

әкемді, бірге оқытын достарымды және көрші балаларды самолетпен қыдыртқым келеді. Әсіресе Сіз салған Астананы көргім келеді. Өйткені бәрі сол қаланы майқтайды, – деп балалық арманын айтты.

Тәуелсіз елдің азат ойлы өрнелінін асқақ арманын тыңдаған Елбасы кішкентай аттасының басынан сипап, ата-анасымен бірге бас қалаға қыдырып қайтуға шақырды. Елбасы сапарынан соң балғын Нұрсұлтанның арманын назарға алған Қырымбек Көшербаев оның әсем елордаға сапарлап қайтуына қолғабыс көрсетті.

Елбасы сапары кезінде Сыр халқы ерекше көңіл-күйге кенелді. Тұңғыш Президенттің Қызылорда өңіріне деген айрықша қамқорлығына аса риза сезімде екендіктерін жеткізді.

Айтпақшы, Елбасының өңірімізге сапары кезінде құрылысы енді бастау алған бұрынғы Қазақ Орталық Атқару комитеті ғимаратының нұсқасы бойынша облыстық музейдің құрылысы жүргізіліп жатқан болатын. Қызылорда қала-

АСТАНАҒА АТТАНДЫ

Нұрсұлтан елмен бірге елордаға баруға бекінді. Ондағы ойы руханият ордасы саналған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіне түсу болатын. «Талапты ерге нұр жауар» деген. Ол білім ордасының үздік студенті атанды. Жұмыс жасай жүріп, «БІКА» баспаханасында директордың орынбасары болды. Содан соң «Атырау ақпарат» ЖШС-да интернет сайт редакторы, «Жайық пресс» медиа компаниясында бас директор кеңесшісі болып қызмет атқарды.

ЕРТУҒАНҰЛЫ ЕЛМЕН ЕТЕНЕ

Бүгінгідей технология дамыған дәуірде ақпараттар ағыны толастар емес. Оның шынайы әрі дер кезінде елге жеткізілуі журналистке жауапкершілік жүктейді. Ал айтылған ақпараттың ақиқатын анықтап, жұртшылыққа жеткізуде жерлесіміз Нұрсұлтан нағыз еңбек пен ерліктің үлгісін паш етті.

Кешегі коронавирус індеті өршіп тұрған тұста әріптесіміз алғырлығымен алдыңғы топтан табылды. Күн-түн демей уақытпен санаспай үздіксіз жұмыс жасады. Ондағы мақсат елге дұрыс ақпаратты дер кезінде жеткізу еді. Шаршамады, шаршаса да ширақ қимылдап, шыдамдылық танытты.

Блок бекеттегі дәрігерлермен және құқық қорғау қызметкерлерімен қатар жүрді. Халықтың

Басы 1-бетте

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

БАҒДАРЛАМА ИГІЛІГІ ЕЛГЕ ЖЕТТІ МЕ?

«Әкімге алты сауал» айдарының кезекті қонағы – Қызылөзек ауылдық округінің әкімі Сәкен Нысанұлы. Ауыл шаруашылығы өнімдерімен кеңінен танымал елді мекеннің бүгінгі тыныс-тіршілігі мен алдағы жұмыс жоспары жайлы сұхбат барысында кеңінен айтылды.

– **Сынды қалай қабылдайсыз?**
– Егер сын әділ болса оны дұрыс қабылдау керек. Себебі ол өзіңнің жұмысыңа тиісті дәрежеде көңіл аударуға қажет нәрсенің бірі деп білемін. Сондықтан да сын арқылы шыңдала түсеміз. Ал әділетсіз сын болып жатса, оны дәлелдеуге тырысамын.

– **Биылғы біткен іс?**
– Биыл ауылдық округке қарасты үш елді мекеннің ішінде ауыз су мәселесі өзекті болып келген Қараөзек бекетінде жаңадан ауыз су жинау қоймасы мен 7,2 шақырым ауыз су желісі құрылысы жүргізіліп, бұл мәселе толық шешімін тапты.

Откен жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында құрылысы басталған дәрігерлік амбулатория ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

«Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2 көше орташа жөндеуден өтіп, 25 ауыл тұрғыны осы жұмысқа тартылды. Сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен тағы 2 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жасалуда.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 2 көшеге түнгі жарық бағаналары орнатылды.

– **Биыл үлгере алмаған ісіңіз?**
– Облыс және қала басшылығының қолдауымен ауылымызда биылғы жоспарланған жұмыстарымыз толық орындалды. Алдағы жылы да мемлекеттік бағдарламалар аясында қарқынды жұмыс жүргізілетін болады.

– **Жыл басында өткен есепті кездесуде Айна-көл ауылының тұрғындары «көшелер асфальтталып, түнгі жарық шамдары орнатылса» деген өтінішін жеткізген еді. Мәселе шешімін тапты ма?**

– Есепті кездесуде көтерілген мәселе бойынша «Айнакөл-1» көшесіне малта тас төсеу жұмыстары жүргізіліп, «Айнакөл-2» көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылды. Көшелерге орташа жөндеу жұмысының жобалау құжаттары әзірленіп, тиісті бюджеттік өтінімдері ұсынылып, алдағы уақытта осы мақсатта қаражат бөлінуіне жұмыс жасалады.

– **Шаруаға қолайлы округте ауыл шаруашылығына байланысты мемлекеттік бағдарлама қалай жүзеге асуда?**

– Ауылдық округте мал шаруашылығын дамыту бағытында «Нәтижелі жұмыспен қамту

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ

Індет іркілген тұста Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Халық алғысы» медалімен марапатталды. Бұл ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндердің өтеуіндей еді. Елі екшп құрметтеген қаламгердің бұл таза еңбегінің кемісі мен жеңісі болатын. Мықтыбаев медаль алдым деп мастанбады. Мұны үлкен жауапкершілік деп түсінді.

Нұрсұлтанның марапаты мұнымен шектелген жоқ. Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Үркер-2020» ұлттық байқауында бағы жанды. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қоры ұйымдастырған ұлттық бәйгеде «Жылдың үздік репортажы» аталымы бойынша жеңімпаз атанып, «Үркер» естелік мүсіншесі және бір миллион теңгенің сертификатымен марапатталды.

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

Осы орайда облыстық жастар ресурстық орталығында «Тұлғамап» жобасы аясында кездесу өтті. Кездесуде журналист мамандығында білім алып жатқан студенттер мен осы орталықтың «Тіл маманы» журналистер клубы мүшелері шара барысында көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, Нұрсұлтанның жаңа қырын ашқандай әсер қалдырды.

– Маған осындай құрмет көрсетіп жатқан жастар орталығына шын ризашылығымды жеткіземін. «Үркер» ұлттық байқауына барлығы 159 өтініш қабылданып, оның 4-і актық сыңға түсті. Соңғы кезеңде қазылар алқасы жасырын түрде дауыс берді. Нәтижесін байқадыңыздар. Бұл жетістік менің ғана емес, Сыр журналисттер қауымының жеңісі деп білемін, – деді Н.Мықтыбаев.

Кездесуде Нұрсұлтан Ертуғанұлы жетістікке жетудің жеті құпиясы ол тек кітап оқу, іздену, еңбектену екенін ерекше атап өтті. Иә, сөз басында жазғанымыздай Нұрсұлтанның еңдігі арманы – отбасын құрып, ата-анасына қызметін көрсету. Журналистика саласының кемшін тұстарын жетілдіру.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында жұмыс жүргізілуде. Атап айтар болсақ 31 млн 900 мың теңгені құрайтын 9 жоба, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 14 млн теңгені құрайтын 2 жоба қаржыландырылды. Барлығы 45 млн 900 мың теңге несие алынып, жаңа бизнес-идеяларды іске асыру мақсатында 3 азамат 1 млн 667 мың теңге қайтарымсыз грантка ие болды. Мал басын асылдандыру бойынша «Сыбаға» бағдарламасы аясында 1 шаруа қожалығы 3 бас асыл тұқымды бұқа сатып алды.

– **Елді мекен тұрғындары өткен жылы «ауылға газ құбыры тартылса, мал азығын дайындайтын цех ашылса» деген ұсыныс айтқан болатын. Осы мақсатта қандай жұмыстар жүргізілуде?**

– Ауылдық елді мекендерді газдандыру бойынша зерттеу-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тиісті есептемелері жасалып жатыр. Жобасметалдық құжаттарын әзірлеп, сараптама қорытындысын алуға облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасына ұсыныс берілді. Қызылөзек ауылдық округін ілеспес газбен қамту алдағы уақыт еншісінде.

Мал азығын дайындайтын цех, немесе басқа да өндіріс орнын ашатын инвестор тарту және жер учаскесін ұсыну мақсатында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді түгендеу жұмыстары жүргізілуде. «Қызылөзек ауылдық округінің 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары» құрылып, картасы бекітілді. Биыл 3469 гектар жер телімі конкурс арқылы табысталып, жер пайдаланушы кәсіпкерлердің жобалары бойынша ауылға инвестиция салу жоспарланып отыр.

Тұрар ШАЙДУЛЛАУЛЫ



КОНФЕРЕНЦИЯ

АБАЙ МҰРАСЫ ӘЛЕМ КЕҢІСТІГІНДЕ



Абай әлемі – мәңгілік құнды мұра. Хәкімнің өміршен өнегесі ұрпақтар санасында жаңғырып, ұлтпен қатар жасап келеді. Осы орайда дүниежүзілік философия күніне орай Қорқыт ата атындағы ҚМУ «Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының ұйымдастыруымен ұлы ақынның 175 жылдығына байланысты «Абайдың философиялық мұрасы» атты онлайн форматта республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Конференцияға Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушылары мен студенттері қатысты. Жиынды университеттің философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы меңгерушісі, PhD доктор Жаркынбек Әбікенов жүргізіп отырды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, физика-математика ғылымының кандидаты Бекзат Пірмантаева ұлы ақын Абай Құнанбайұлының философиялық мұрасы жайында пікірімен бөлісіп, тақырып төңірегінде тұшымды ой-

ларын ортаға салды. Сонымен қатар рухани-тағылымды ғылыми бағыттағы іс-шарала Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы «Абай дүниетанымының рухани нәр алған бұлақ көздері» тақырыбында баяндама жасады.

Ғылым мен білім шырақшысы болып, бар саналы ғұмырын қазақ руханиятына арнаған Абай Құнанбайұлының мұрасы конференция барысында жан-жақты айтылып, кеңінен сөз болды. Ғалым Тұрсын Хафизұлы «Абайдың мәдениеттану мұрасы» атты баяндамасында ақын мұрасы болашақ ұрпақтың бойтұмарына айналарына сенім білдірді.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ



КӨЛІККЕ «КИІМ» ТІГЕТІН ОТБАСЫ

Жалпы бұл отбасының бизнеске келуіне Руслан Темірбековтің досы себепкер болған екен. Бірнеше жыл бойы құқық қорғау саласында қызмет еткен отағасы қатты ауырып, ұзақ уақыт үйде жатып қалады. Кейін тігінге икемі бар азамат тігіншілікті ермек еткен. Бір күні досы Бақытжан Тілеукабыловтың айтуымен кәсіп ашуға бел буады, ал досы демеушілік етеді. Шаңырақтың анасы көмекші болып жұмысқа жәрдемің тигізді. Алғашында көлік жүргізушілерінің арасында сәнге айналған, пайдалануға ыңғайлы ЭВО төсеніштер тігіледі. Өнімге деген сұраныс артып, тапсырыс саны да күннен-күнге көбейе түседі.

— Жақында «Бастау» жобасынан грант ұтып алдық. Жөңіп алған қаражатқа тігін машиналарын сатып алдық. Заманауи тігін машиналарының жұмысты жеделдететіні рас. Оның үстіне қазір көлікке «полик» тігуден басқа орындыққа жапқыштар тігіп, рульді қаптау мен орындықтарды жаңғыртудан өткіземіз. Тапсырыстар күн сайын түсуде, барлығын сапалы әрі уақытылы орындау қажет. Бастысы — тапсырыс берушінің көңілінен шығу. Сол үшін тынбай еңбектенудеміз, — дейді кәсіпкер Руслан Темірбеков.

Аталған шаңырақта бұл кәсіп отбасылық бизнеске айналған. Себебі үйдің атқамінер баласы кол көмек көрсетсе, бұрымдысы PR-менеджер, яғни әлеуметтік желіде жарнамалаумен айналысады. Ал кәсіп төңірегіне келсек, алдағы уақытқа қойылған жоспар көп. Соның ішінде жақында «Aqua print» технологиясымен көлік жабдығын бояу жұмысын қолға алуды көздеп отыр.

P.S. Көлікті сәндегенді жақсы көретін жүргізуші бұл шағын цехтан өзіне ұнаған өнімді табатыны анық. Себебі кәсіпкерлер автомобильді мейлінше ең әдемі «киімдермен» киіндіреді. Өзіңіз ұнатқан түс пен материал таңдап, ойыңыздағыдай сәндеп, автомобиліңіздің интерьерін көздің жауын алатындай кейіпке ендіреді.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

КУӘЛІГІНЕН 7 ЖЫЛҒА АЙЫРЫЛДЫ



Қызылордадағы Яссауи-Мүсірепов көшесінің қиылысында 9 қыркүйек күні орын алған жол-көлік оқиғасына қатысты жүргізуші 7 жылға көлік жүргізу куәлігінен айырылды.

30 жастағы жүргізуші масаң күйде «Лада Гранта» маркалы автокөлікті тізгіндеп, Яссауи көшесіндегі үйлердің темір қоршауына соққан. Аталған оқиғаға байланысты Қызылорда облысының сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 608-бабының 3-бөлігімен (Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік масаң күйде басқарып өзге де құрылыстарды не өзге мүлікті бүлдіруге әкеп соққан әрекеттер) рәсімделген іс қаралды.

Сот қаулысымен құқық бұзушы 20 тәулікке әкімшілік қамауға алынып, 7 жылға көлік жүргізу құқығынан айырылды.

БАНКОМАТ КАРТАСЫН ҚОЛДЫ ҚЫЛҒАН ҰРЫ

1984 жылы туған қала тұрғыны Қызылорда қалалық полиция басқармасының кезекші бөліміне арызданған. Зарлап шегуші полицияға картасының қолды болып, 45 мың теңгеге сауда жасалғаны туралы баяндаған.

Нәтижесінде үйіне қонақ болып келген танысы банкомат картасын ұрлап, «Атау City» сауда үйінен

ӨЗІМЕН БІРГЕ ЕСІРТКІ АЛЫП ЖҮРГЕН

«Құқық тәртібі» профилактикалық іс-шарасы барысында облыстық полиция департаментінің Қармақшы аудандық полиция бөлімі қызметкерлері түнгі уақытта өзімен бірге екі қағазға оралған есірткі затын алып жүрген азаматты ұстады.

Тексеру нәтижесінде 35 жастағы азамат Жосалы кентінің тұрғыны және еш жерде жұмыс істемейтіндігі анықталған. Сараптама қорытындысымен қағазға оралған заттың 20 граммға жуық «кеңтірілген марихуанна» есірткісі екені анықталды.

Енді бұл азаматқа ҚР Қылмыстық кодексінің 296-бабы 2-бөлігі, яғни есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу бойынша сотқа дейінгі тергеу-тексеру амалдары жүруде.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӘРІПТЕС МЕРЕЙІ

30 қараша күні Жаңақорған ауданында Қазақ ССР-не еңбек сіңірген агроном Әбдіғалпар Нұртазаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Ел үшін туған ер» атты облыстық жекпе-жек-айтыс өтті.

ЖЫР ДОДА

«Рухани жаңғыру» және «Айтыс-battle» жобасы аясында ұйымдастырылған шарада аймақтағы 8 айтыскер бас қосып, жыр додала бақ сынады. Айтыскерлер Әбдіғалпар Нұртазаевтың адамгершілік қыры қызметтегі жетістігін көркем суреттеп, ел тарихының маңызды сәтін жырларына арқау ете білді. Айтыс тізгінін айтулы ақын Мамыр Байдулзетов ұстап, Серік Ыдырсов, Кенжебай Жүсіпов, Марат Сүгірбаев секілді өнер саңлақтары төрелік етті.

Айтыскерлер жас ерекшелігіне қарай 12-16, 16-25, 25-30, 30-40 жас аралықта өзара сайысқан. Нәтижесінде Мейіржан Қартпай, Айбек Шекербек, Азамат Тәуекел, Тұрар Бекмырзаев жеңіс тұғырынан көрініп, үздік деп танылды.

Сөз додасында оза шапқан Тұрар Бекмырзаевтай әріптесімізді құттықтап, бұдан да білік белестерді бағындыруына тілектестік білдіреміз.

«Ақмешіт-ақпарат»



СПОРТ

АЛЫПТАР АЙҚАСЫНДА ҚАМШЫБЕК АЛДА

Шымкент қаласында бокстан Қазақстан біріншілігі мәресіне жетті. Токкио Олимпиадасында ел намысын қорғайтын боксшылардың барлығы аламанда бақ сынады. Соның бірі – жерлесіміз Қамшыбек Қоңқабаев. Аса ауыр салмақта сынға түскен Сыр бойының саңлағы жарысты ширек финалдан бастады. Қазақстан құрамасының капитаны алдымен атыраулық Еркін Мұхамеджаннан айланып асырса, жартылай финалда Алматы қаласының боксшысы Дамир Тойбайды жеңді. Жарыстың ақтық сынында Қамшыбек біріншіліктегі негізгі қарсыласы Нұрлан Сапарбаймен қолғап түйістірді. 3 раундтық бәсекеде жерлесіміздің шоқтығы биік болып, кезекті рет Қазақстан біріншілігінің жеңімпазы атанды. Айта кетейік, Қамшыбек Токиода өтетін жарысқа тыңғылықты дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр. Қазақстан біріншілігіне дейін МТК промушенмен келісім шартқа қол қойып, кәсіпқой боксқа бағыт алған еді.

Бұл чемпионат бұрынғыдан өзгереді болды. Шымкентте тоғыз айдан бері шаршы алаңға шықпаған былғары қолғап шеберлері бас қосты. Алғаш рет ерлер мен әйелдер арасында ұйымдастырылған дода талай мықтының томағасын сыпырып, жас таланттардың тұсауын кескенімен есте қалатыны анық. Індетке байланысты бірнеше ай жарыссыз қалған қыз-жігіттер бар күші мен жігерін Шымкент шаршы алаңында сарқып берді.

Бокстан әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаевтың есімін қазақстандық жанкүйерлер жақсы біледі. Ол бұған дейін 2014 жылғы Қарулы күштер арасындағы әлем чемпионы, 2015 жылғы Қарулы күштер арасындағы бүкіләлемдік спорт ойындарының күміс жүлдегері, көп дүркін халықаралық турнирлердің жеңімпазы атанды. ҚР халықаралық дәрежелегі спорт шебері. 2017 жылғы Азия чемпионатында күміс алса, сол жылы әлем чемпионатында екінші орын алды. Ресейдің Екатеринбург



қаласында өткен Әлем чемпионатында тағы бір мәрте күміс жүлдеге ие болды. Қамшыбек фейсбук парақшасында былай деп жазба қалдырды.

— Ассалаумағалейкум, Қазақ елі! Шымкентте бокстан 2020 жылғы Қазақстан чемпионаты аяқталды. Алғаш рет пандемияға байланысты біріншілік көрермендердің қатысуынсыз, санитарлық талаптарға сай өтті. Алпаның қалауымен аса ауыр салмақта кезекті ел чемпионы атандық. Залға көрермен кіргізбесе де бір апта бойы әлеуметтік желі арқылы қолдауларыңызды аямадыңыздар. Сондықтан барлықтарыңызға алғыс білдіремін! Артымыздан еріп келе жатқан жастардың аяқ алыстарына қарап, риза болдық. Барлық чемпион және жүлдегер атанған бауырларымызды құттықтаймын! Құраманың капитаны ретінде айтарым: алдағы халықаралық додаларда, оның ішінде Олимпиада ойындарында ел мерейін асырып, көк туды желбірету жолында анып қалмаймыз. Біздің жігіттерге сенім артыңыздар! Қолдауларыңызға рахмет, — деді ол.

ДАНИЯР ЕЛЕУСІНОВ ҚАРСЫЛАСЫН НОКАУТПЕН ҰТТЫ

Өткен сенбінің таңы қазақстандық спорт жанкүйерлері үшін қуанышты жаңалықпен басталды.

Кәсіпқой бокс шаршы алаңында өнер көрсетіп жүрген әйгілі отандасымыз Данияр Елеусінов АҚШ төрінде өзінің кезекті жекпе-жегін өткізіп, екі тұжырым бойынша әлемнің әкесі чемпионы намибиялық Джулиус Индонгодан басым түсті. Данияр азулы қарсыласын жай жеңіп қана қоймай, екі раундта екі рет есенгіретіп, техникалық нокаутпен тізе бүктірді.



Елеусінов пен «Көк Машина» арасындағы кездесу Голливудтағы бокс кешінің көркі болды. Қазақстандық боксшы бірінші және екінші раундта қарсыласын екі рет нокаутқа түсірді. Нәтижесінде Данияр Елеусінов уақытынан бұрын жеңіске жетіп, IBF Intercontinental белбеуіне ие болды.

Елеусінов өзінің соңғы жекпе-жегін 2019 жылдың желтоқсанында өткізіп, америкалық Алан Санчесті бесінші раундта нокаутқа түсірген болатын. Ал Индонго кейінгі кездесуін 2019 жылдың тамызында өткізіп, екінші раундта америкалық боксшы Карлтанус Джонсонды нокаутқа түсірген.

Бұған дейін қазақстандық спортшы осы жекпе-жегіне қатысты пікір білдірген болатын.

«Бәріне өз талантымды, күшімді, жылдамдығымды және таймингім қандай тамаша екенін көрсеткім келеді. Менде

қуат жоқ және стилім кәсіпқойға жарамайды дейтіндердің бәріне паш еткім келеді», — деген еді Елеусінов The Ring журналына берген сұхбатында.

Бұл екі боксшының жекпе-жегі әу баста осы жылдың наурыз, сәуір айларының бірінде өтуі тиіс болған. Алайда әлем жұртына қауіп төндірген коронавирус пандемиясының салдарынан айқас бірнеше рет кейінге шегеріле берді. Десе де уәде етсе орындамай қоймайтын промоутер Эдди Хирн Даниярға бәрібір осы бокс кешін ұйымдастырып, жігіттік сәртін анымады. Ал Елеусінов өз кезегінде қазақстандық жанкүйерлердің де, өзіне сенім артқан промоутердің де сенім үдесінен шыға білді.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Атыпсына 2 рет, сәйбейсің, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 4422 Тапсырыс №627
---	--	--	--	--

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айлана СЕЙІЛ